

1 Экрандағы анықтаманы жаңарту

Philips компаниясы өнімдерін үнемі жақсартуға тырысады. Экрандағы [Нұсқаулық] қызметінің соңғы ақпаратпен жаңартылуын қамтамасыз ету үшін, теледидарды соңғы Пайдаланушы нұсқаулығын жаңарту бағдарламалық файлымен жаңартуды ұсынамыз. Файлдарды www.philips.com/support торабынан алуға болады.


Не қажет

Экрандағы [Нұсқаулық] қызметін жаңартпастан бұрын, сізде мыналар болуын қамтамасыз етіңіз:

- Бос USB флэш-жады. USB флэш-жады FAT немесе DOS-форматталған болуы керек. USB қатты дискісін қолданбаңыз.
- Интернетке қосылған компьютер.
- ZIP файл пішімін қолдайтын мұрағаттау қызметтік бағдарламасы (мысалы, WinZip® for Microsoft® Windows® немесе Stuffit® for Macintosh®).

1-қадам: теледидардағы анықтаманың ағымдық нұсқасын тексеру

[Нұсқаулық] қызметін жаңартпастан бұрын, теледидарға орнатылған ағымдағы нұсқаны тексеріңіз. Егер теледидардағы [Нұсқаулық] қызметінің нұсқасы www.philips.com/support торабындағы нұсқадан ескі болса, ең соңғы Пайдаланушы нұсқаулығын жаңарту бағдарламалық файлын жүктеп алып, орнатыңыз.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Нұсқаулық] таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Экрандағы анықтама пайда болады.
- 3 **Техникалық деректер > Өлшемділіктер** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Осы бөлімнің ең соңғы бетіне өтіп, нұсқа нөмірін жазып алыңыз.

Есте сақтаңыз

- Нұсқа нөмірі – 12 цифр, ондағы соңғы сан теледидарда орнатылған анықтаманың нұсқасын көрсетеді. Мысалы, теледидардағы нұсқа “3139 137 0358x” болса, “x” орнатылған [Нұсқаулық] қызметінің нұсқасын білдіреді.

2-қадам: соңғы анықтама файлын қотару

- 1 Бос USB флэш-жадын компьютердегі USB портына қосыңыз.
- 2 Компьютерде USB флэш-жадының түбірлік каталогында «**upgrades**» атты қалта жасаңыз.
- 3 Веб-шолғышында www.philips.com/support Philips Support сайтына өтіңіз.
- 4 Сайттан өнімді тауып, Пайдаланушы нұсқаулығын жаңарту бағдарламалық файлын теледидарға орнатыңыз. Файл (*.upg файлы) *.zip мұрағат файлына қысылған.
- 5 Philips Support сайтындағы файлы теледидарға орнатылған нұсқадан кейінгі нұсқа болса, файлды USB флэш-жадына сақтаңыз.
- 6 Мұрағат утилитасын пайдалану арқылы *.zip' файлының мазмұндарын USB флэш-жадындағы «**upgrades**» қалтасына шығарыңыз.
↳ '*'.upg' [Нұсқаулық] файлы шығарылды.


7 USB флэш-жадты компьютерден ажыратыңыз.

3-қадам: анықтаманы жаңарту



Ескерту

- Жаңарту кезінде теледидарды өшірмеңіз және USB флэш-жадты ажыратпаңыз.
- Жаңарту кезінде қуат жоғалып кетсе, USB флэш-жадты теледидардан ажыратпаңыз. Қуат қайта пайда болғанда теледидар жаңартуды жалғастырады.
- Жаңарту кезінде қате орын алса, процедураны қайталаңыз. Қате қайта орын алса, Philips тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- 1 Теледидарды қосыңыз.
- 2 *.urg файлы бар USB флэш-жадты теледидардағы USB ұясына жалғаңыз. Барлық басқа USB құрылғыларын теледидардан ажыратыңыз.
- 3  түймесін басыңыз.
- 4 [Реттеу] > [Бағдарламалық құрал параметр.] > [Жергілікті жаңартулар] тармақтарын таңдаңыз.
↳ Жаңартулар экраны пайда болады.
- 5 *.urg [Нұсқаулық] файлын таңдап, ОК түймесін басыңыз.
↳ Жаңарту күйін көрсететін хабарлама пайда болады. Жаңартуды аяқтап, теледидарды қайта қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.